

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының 2013 жылғы 23 желтоқсандағы N 21-35 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 қаңтарда N 2524 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2022 жылғы 14 ақпандағы № 11-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 14.02.2022 № 11-3 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округі ауылдары тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы
мәслихаты сессиясының
төрағасы*

В. Чернышов

*Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы
мәслихатының хатшысы*

Т. Әбілмәжінов

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округі ауылдары тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 18.02.2020 № 36-12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Елді мекеннің атауы	Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің ауылы тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылының тұрғындары үшін	28
Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Қоскөл ауылының тұрғындары үшін	9
Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Сулышоқ ауылының тұрғындары үшін	9
Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Уваково ауылының тұрғындары үшін	7

Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы
мәслихатының 2013 жылғы
23 желтоқсандағы
№ 21-35 шешімімен
бекітілген

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округі ауылдары тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округі ауылдарының аумағындағы бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны (бұдан

әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Бөлек жиын Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің әкімі шақырады.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы аудандық "Вести", "Мағжан жұлдызы" газеттері арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округі ауылдарының шегінде бөлек жиынды өткізуді Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округі ауылдарының қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округі ауылдары тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

